

Качир ауданы Бобровка ауылдық округі Жаңабет ауылының көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Бобровка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 1-4 ш шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 наурызда № 5400 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Бобровка ауылдық округі Жаңабет ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Бобровка ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Качир ауданы Бобровка ауылдық округі Жаңабет ауылындағы "60 лет Октября" көшесі "Тәуелсіздік" көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бобровка ауылдық
округінің әкімі*

Р. Умаров